

«Б.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

**«Робототехника» үйірмесінің 2023-2024 оқу жылында
атқарылған жұмыс туралы мәлімет**

2023-2024 оқу жылында мектебімізде қыркүйек айынан бастап «Робототехника» үйірмесі өз жұмысын жасап келеді. Үйірменің мақсаты оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту.

Оқу жылының басында үйірменің күнтізбелік-тақырыптық жоспары бекітілді. Үйірмеге қатысатын оқушылар саны 50. Оқушылар 4 топқа бөлінді: 1 топ – 13 оқушы, 2 топ – 12 оқушы, 3 топ – 13 оқушы, 4 топ – 12 оқушы.

Оқушылар үйірме жұмыстарының барысында әртүрлі роботтардың үлгілерін әзірледі, оларды жасау техникасын бағдарламасы мен роботтар құрастырды. . Бағдарлама жылына 136 сағат, аптасына 4 сағат (4 сағаттан 4 рет) құрылған.

2023-2024 оқу жылында 136 сағат игерілді. Теория 60 сағат, практика 76 сағат. Бұл бағдарлама 8 бен 15 жас аралығындағы оқушыларға арналған. Үйірменің теориялық материалдары практикалық бөлігімен сәйкестендірілген. Оқушылар 4 немесе 6 адамнан тұратын топта жұмыс жасап, күрделі роботтарды жинақтады және тестілеуден өткізді. Нәтижесінде оқушылар өз жобаларын жүзеге асыра алды.

2024 жылдың 25 қаңтарда Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Меңдіқара ауданы білім бөлімінің Ахметқазы Чутаев атындағы Боровское мектеп-гимназиясы» КММ ұйымдастыруымен өткен облыстық «GoRoBo-Mendykara» робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар бойынша сайысқа Мұханбетқалиев Дінмұханбет және Бәкіров Нұрәлі қатысты бұл біздің алғашқы сайысымыз оқушылар көп тәжірибие алмасты бұл жарыс оқушылардың робототехника үйірмесіне деген қызығушылықтарын

арта түсті алдағы оқу жылында болатын сайыстарға тыңғылықты дайындық жасап жүлдегерлер қатарынан көрінеміз деген ойдамыз

Үйірме жұмысы техникалық өнім-моделін өз бетінше әзірлеу бойынша логикалық ойлауының дамуына, білік пен дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Пән мұғалімі: Атабаев Р.Б.